

«БЕКІТІЛДІ»

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігі
Спорт және дene шынықтыру істері
комитетінің
төрағасы



С.Ерғалиев
2022 жылдын «02» 09

«КЕЛІСІЛДІ»

Қазақстан Республикасы Мәдениет және
спорт министрлігі Спорт және дene
шынықтыру істері комитетінің «Спортты
дамыту дирекциясы» РМҚК



Мықтыбеков М.С.
2022 жылдын «02» 09

«КЕЛІСІЛДІ»

«Қазақстанның хоккей
федерациясы» РКБ
бас директоры



Г.Каратаев
2022 жылдын «02» 09

**2022-2023 ЖЫЛҒЫ МАУСЫМДАҒЫ «МЫҚТЫЛАР» ТОБЫНЫҢ ЖАСӘСПІРІМ КОМАНДАЛАРЫ АРАСЫНДАҒЫ
ШАЙBALY ХОККЕЙДЕН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЧЕМПИОНАТЫНЫҢ
РЕГЛАМЕНТИ**

Нұр-Сұлтан қаласы

2022 жыл

(Signature)

МАЗМУНЫ

Кіріспе өрежөлөр

3

1-тарау	Мақсаттар мен міндеттер	3
2-тарау	Басшылық	4
3-тарау	Қатысушылар құрамы	4-5
4-тарау	Өткізу құрылымы, мерзімі мен шарттары	5-7
5-тарау	Командалар өтінімі	7-10
6-тарау	Қатысушы командалардың міндеттері	10-11
7-тарау	Чемпионат матчтарын қабылдайтын үйымдардың міндеттері	11-13
8-тарау	Терешілік	13-14
9-тарау	Наразылық білдіру тәртібі	14
10-тарау	Ережебұзушылық үшін жауапкершілік	14-15
11-тарау	Женімпаздарды анықтау	15-16
12-тарау	Чемпионатты қорытындылау және женімпаздарды марарапттау	16-17
13-тарау	Қаржылық шығыстар	17-18
№1 қосымша	Қолданылатын жазаны анықтау тәртібі	19-21
№2 қосымша	Командаларды бөлу	22
№3 қосымша	Спорт ғимаратының дайындық актісі	23-24

КІРІСПЕ ЕРЕЖЕЛЕР

1. «Қазақстанның хоккей федерациясы» респубикалық қоғамдық бірлестігі – Халықаралық мұздағы хоккей федерациясы, Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиада комитеті мойындаған, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының аумағында хоккейді толық көлемде басқаруды, ресми респубикалық және халықаралық жарыстарды өткізуі жүзеге асыратын жалғыз ұйым ретінде аккредиттеген ұйым.

2. Осы Регламент Халықаралық мұздағы хоккей федерациясының (бұдан әрі – ИИХФ) нормалары мен талаптарына сай және Қазақстан Республикасының дене шынықтыру және спорт саласындағы заңнамасына сәйкес Қазақстанның хоккей федерациясы (бұдан әрі – ҚХФ), Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті өткізетін 2022-2023 жылғы маусымдағы жасөспірім командалары арасындағы шайбалы хоккейден Қазақстан Республикасы Чемпионаты (бұдан әрі – Чемпионат) өткізілуінің және оған хоккей мектептері/клубтары/бөлімшелері командаларының, хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, басшылардың және өзге де лауазымды тұлғалардың, төрешілердің қатысуының бірынғай тәртібін белгілейді.

3. Осы регламентке өзгерістер мен толықтырулар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетімен келісі бойынша ҚХФ тарапынан маусым ішінде енгізілуі мүмкін.

1-ТАРАУ МАҚСАТТАР МЕН МІНДЕТТЕР

1-бап. Чемпионат:

- болашағы зор хоккейшілерді анықтау және Қазақстан Республикасының жасөспірімдер құрама командаларына толыққанды резерв дайындау;
- балаларды хоккеймен, дене шынықтырумен және спортпен жүйелі шұғылдануға жаппай тарту;
- Қазақстан Республикасында балалар-жасөспірімдер хоккейін насиҳаттау және одан әрі дамыту мақсатында өткізіледі.

2-бап. Чемпионат:

- мықты ойыншылар мен командаларды анықтау;
- балалар-жасөспірімдер хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің спорт резервін даярлау жәніндегі жұмысының сапасы мен тиімділігін арттыру;
- Қазақстан Республикасында балалар мен жасөспірімдер шайбалы хоккейін басқарудың біртұтас жүйесін құру;
- жаттықтырушылар кадрларын даярлау деңгейін арттыру мәселелерін шешеді.

2-ТАРАУ БАСШЫЛЫҚ

1-бап. Чемпионаттың өткізілуін үйымдастыру мен бақылауды Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті мен ҚХФ жүзеге асырады.

2-бап. Чемпионатты тікелей өткізу облыстық/қалалық дәне шынықтыру және спорт басқармаларына, хоккей мектептеріне/клубтарына/бөлімшелеріне, ҚХФ бекіткен облыстық/қалалық аккредиттеген филиалдарына және төрешілер алқасына жүктеледі.

3-бап. Осы Регламенттің шарттары мен ережелері негізінде шешілуі мүмкін емес Чемпионатты үйымдастырумен және өткізумен байланысты жағдайлар туындаған кезде, ҚХФ олар бойынша түпкілікті шешім қабылдауға, әрі қарай Чемпионат қатысушыларын хабардар етуге құқылы. Мұндай шешімдер Чемпионатқа қатысатын барлық командалар, хоккейшілер, жаттықтырушылар, басшылар және хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің басқа да лауазымды тұлғалары, төрешілер үшін міндетті болып табылады.

4-бап. Командалардың, хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, басшылардың және хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің өзге де лауазымды адамдарының, Чемпионатқа және өзге де іс-шараларға тартылған бас төрешілердің ҚХФ-мен жедел өзара іс-қимылды келесі құралдармен жүзеге асырылады:

- телефон арқылы: +7-7172-605041;
- электрондық пошта арқылы: office@icehockey.kz;
- келесі мекенжай бойынша: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Д. Қонаев к., 12/1, 508-кенсекжай, «Қазақстанның хоккей федерациясы» РКБ.

3-ТАРАУ ҚАТЫСУШЫЛАР ҚҰРАМЫ

1-бап. Чемпионатқа қатысуға хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің, спорт резервін және жоғары дәрежелі спортшыларды даярлауды жүзеге асыратын кез келген үйымдық-құқықтық нысандағы дәне шынықтыру-спорт үйымдарының оқушылары мынадай санаттар бойынша жіберіледі:

1. U 16 жас [2006 ж.т.]

2. U 15 жас [2007 ж.т.]

3. U 14 жас [2008 ж.т.]

4. U 13 жас [2009 ж.т.]

5. U 12 жас [2010 ж.т.]

6. U 11 жас [2011 ж.т.]

2-бап. Чемпионатқа қатысу Қазақстан Республикасының бюджеттен қаржыландырылатын барлық хоккей мектептері/клубтары/бөлімшелері үшін міндетті.

3-бап. Чемпионаттың барлық жас санаттары мен топтарындағы командалардың саны өткен маусымның қорытындысы және берілген өтінімдер бойынша анықталады.

4-бап. Жасы кіші хоккейшілермен толықтай жасақталған команда алдынғы маусымда өз жас санаты бойынша Қазақстан Республикасының Чемпионы атанған болса, ҚХФ шешімімен жоғары жас санатқа қатыса алады. Мұндай команда жоғары жас санатына қатысқан жағдайда оған мәлімделген жас санатынан 1 (бір) жасқа кіші ойнышылар ғана қатыстырыла алады.

5-бап. Команданың өтінім тізіміндегі хоккейшілердің жалпы саны 30 (отыз) ойнышыдан аспауы тиіс.

6-бап. Чемпионатқа Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жас хоккейшілер ғана қатыса алады.

ҚХФ шешімі бойынша команда құрамына Регламенттің 5-тарауының 13-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде шетелдік азаматтығы бар хоккейшілер енгізілуі мүмкін.

7-бап. ҚХФ шешімі бойынша команда құрамына Регламенттің 5-тарауының 8-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде 1 (бір) жасқа кіші хоккейшілер енгізілуі мүмкін.

8-бап. ҚХФ шешімі бойынша команда құрамына Регламенттің 5-тарауының 9-бабында көрсетілген құжаттарды ұсынған кезде бір-екі жасқа үлкен қыздар енгізілуі мүмкін.

9-бап. Ойнышыларға Чемпионаттың бір туры шенберінде бір жас санатындағы әртүрлі командалар үшін ойндарға қатысуға тыйым салынады. Бұл ретте, 1 (бір) жылға кіші ойнышыларға өз санаттарында да, жоғары санаттарында да (1 жылға), бірақ аттас хоккей командасы/клубы/спорт мектебі үшін ғана қатысуға рұқсат етіледі.

10-бап. Чемпионатқа қатысу үшін өр түрлі хоккей командаларының/бір өнір/республикалық маңызы бар қала мектептерінің ойнышыларынан бір құрама хоккей командасы құрыла алады. Мұндай команданы қалыптастыру өткен маусымның қорытындысы бойынша Чемпионатқа қатысқан және қатысу құқығын растиған команда аясында, осы командалар арасында жасалған меморандумдар/келісімдер немесе өзге де құжаттар негізінде жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте осы құрама команданың атауында базалық команданың атауы болуы тиіс.

Аталмыш ойнышылар Чемпионаттағы бір жас санатының бір ғана командасына қатыса алады. Мұндай ойнышылардың «Федерация Кубогі» республикалық турниріне қатысуына бір жас санатының бір командасы аясында (өз хоккей клубының аясында) ғана рұқсат етіледі.

4-ТАРАУ ӨТКІЗУ ҚҰРЫЛЫМЫ, МЕРЗІМІ МЕН ШАРТТАРЫ

1-бап. Чемпионат айналымдық жүйемен өткізіліп, төрт турдан тұрады.

2-бап. Чемпионаттың барлық жас санаттары арасындағы өткізілу кезеңі: 2022 жылдың 10 қыркүйегінен 2023 жылдың 30 сәуіріне дейін.

3-бап. Чемпионаттың барлық матчтарының өткізу мерзімі ҚХФ бекітетін Ойндар құнтізбесіне

сәйкес анықталады.

4-бап. Жас санаттары арасындағы Чемпионат турларын өткізу мерзімі мен орны алдыңғы маусымдағы команданың алған орының қорытындысы бойынша анықталады.

5-бап. Чемпионаттың финалдық IV туры жас санаттары арасында Чемпионаттың 3 турының қорытындысы бойынша 1-орын алған командалардың қалаларында өткізіледі.

6-бап. Егер Чемпионат турын қабылдаушы команда негізді себептер бойынша үйдегі турды өткізе алмаса, онда тур алдыңғы Чемпионатта орын алған келесі командаға өтеді.

Чемпионаттың барлық турлары өтетін орындарды анықтау бойынша түбекейлі шешімдерді КХФ қабылдайды

7-бап. Әрбір облыстың/республикалық маңызы бар қаланың командаларының арасында перспективалы спортшыларды дамыту, танымал ету және анықтау мақсатында хоккей мектептері/клубтары/бөлімшелері өнірлік деңе шынықтыру және спорт басқармасының, сондай-ақ КХФ филиалдарының/облыстық аккредиттеген федерациялардың қолдауымен әр жас санатындағы бар командалардың қатысуымен облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың) жарыстар өткізуі тиіс [Облыстардың және/немесе республикалық маңызы бар қалалардың біріншіліктері/чемпионаттары/Кубоктері]. Бұл жарыстар 2022-2023 жылдардағы қысқы спорт маусымы кезінде өткізілуі керек.

Осы жарыстарды өткізу туралы есепті жарыстар өткізілгеннен кейін КХФ-ға Жарыстар туралы ереженің көшірмесін [қолдары мен мөрлері бар], жарыстар хаттамаларының көшірмелерін және қысқаша сипаттамалық ақпаратты қоса бере отырып жіберу қажет.

8-бап. Чемпионатқа қатысушы командалар жарыс басталғанға дейін бір күн бұрын Чемпионат турлары өтетін орынға келуге міндetti.

9-бап. Чемпионаттың барлық матчтары ИИХФ-ның хоккей ойнау қағидалары бойынша және осы Регламенттің нормаларына сәйкес өткізіледі. Барлық хоккейшілер, жаттықтырушылар, хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің басшылары мән өзге де лауазымды адамдары, төрешілер және Чемпионат матчтарына қатысатын өзге де адамдар ИИХФ-ның хоккей ойнау қағидаларын және осы Регламенттің нормаларын білуге және орындауға міндetti.

10-бап. Әр жас санатындағы командалар қорытынды турнирлік кестеде барлық турлардың қорытындысы бойынша жинаған үлай саны бойынша орын алады.

11-бап. 12 жасқа дейінгі (2010 және 2011 ж.т.) жасөспірімдер командалары арасындағы Чемпионат ойындары күштік тәсілдерді қолданусыз өтеді.

12-бап. 12 жасқа дейінгі жасөспірімдер командалары (2010 және 2011 ж.т.) Чемпионатта екі түрлі командамен күніне екі ойнан өткізеді

13-бап. Әр матчқа қатысатын команда құрамы:

- 22 ойыншыдан (20 алаң ойыншысы және 2 қақпашы) аспайды, 2 бапкер, дәрігер;
- кемінде 17 ойыншы (15 алаң ойыншысы және 2 қақпашы), 1 бапкер, дәрігер.

14-бап. Матчтың өту форматы:

1. U 16 - U 15 жас санаты (2006-2007 ж.т.):

Матч 20 минуттық жалпы уақыттың үш кезеңінен және мұз құюға кететін 15 минуттық екі үзілістен тұрады. Аластату - 2 минут, овертайм - 5 минут (3x3 формат), матчтан кейінгі 5 буллит;

2. U 14 - U 13 жас санаты (2008-2009 ж.т.):

Матч 20 минуттық жалпы уақыттың үш кезеңінен және мұз құюға кететін 15 минуттық екі үзілістен тұрады. Аластату - 2 минут, овертайм - 5 минут (4x4 формат), матчтан кейінгі 5 буллит;

3. U 12 - U 11 жас санаты (2010-2011 ж.т.):

Матч 15 минуттық жалпы уақыттың үш кезеңінен және кезеңдер арасында мұз құюсыз 5 минуттық екі үзілістен тұрады. Аластату - 1 минут, овертайм - 3 минут (5x5 формат), матчтан кейінгі 3 буллит.

15-бап. Овертайм өткізу ресімі:

1. Егер Чемпионат матчтарында үш кезеңнен кейін тәң ойын нәтижесі тіркелсе, онда қосымша кезең (овертайм) тағайындалады.

2. Овертайм екі минуттық үзілістен кейін [мұз беткейін жинамастан және құймастан және қақпаны ауыстырмай] өткізіледі, осы уақыт ішінде хоккейшілер мұз үстінде қалады. Овертаймда командалар матчтың негізгі уақытының үшінші кезеңдегі қақпаның орналасуына сәйкес қақпаны иеленеді.

3. Овертаймда ойын бірінші салынған шайбаға дейін өткізіледі. Шайбаны лақтырған команда матчтың жеңімпазы болады және матч аяқталады.

4. Хоккей алаңындағы әрбір команда үшін овертаймдағы ойыншылардың саны жас санаты мен топқа сәйкес айқындалады.

5. Овертаймда айыппулдар негізгі уақыттағыдай хоккей ойының ережелеріне сәйкес салынады. Овертаймда хоккейшілердің матчтың негізгі уақытында алған пайдаланылмаған айыппул уақыты күшінде қалады.

6. Егер Чемпионаттың овертаймы аяқталғаннан кейін матчтың есебі өзгермесе, онда матч жеңімпазын анықтау үшін матчтан кейінгі лақтырулар тағайындалады.

16-бап. Матчтан кейінгі лақтыру ресімі.

1. Екі команданың хоккейшілері матчтан кейінгі лақтыруларды кезекпен орындаиды.

2. Матчтан кейінгі лақтырулардың бірінші сериясы әр команданың жас санаты мен тобына сәйкес лақтырудан тұрады.

3. Егер матчтан кейінгі үш лақтырудың бірінші сериясынан кейін әр команданың тәң нәтижесі сақталса, матч лақтырудан кейін екінші серия тағайындалады.

4. Шартты түрде, матчтан кейінгі лақтырулардың екінші сериясы соққылар жұбының біріншіде бір команданың хоккейшісі гол соққанға, ал екінші команданың хоккейшісі гол соқпағанға дейін орындалады. Бұл жағдайда хоккейшісі гол соққан команда матчтың жеңімпазы болады, матч аяқталады, ал қалған лақтырулар орындалмайды.

5-ТАРАУ. КОМАНДАЛАРДЫҢ ӨТІНІМІ

1-бап. Команданың өтінім/қосымша өтінім беруі КХФ таралынан БАЖ-да белгіленген нысан бойынша басып шығарылған түрде берілген үш данадағы өтінім парақтары негізінде командалар үшін белгіленген кестеге сәйкес жүзеге асырылады.

2-бап. Әрбір ойыншы әрбір турдың басындағы өтінім парағында мәлімделген амплуасында (қақпашы, қорғаушы, шабуылшы) қатыса алады. Чемпионаттың бір туры аясындағы әрбір матчқа өтінім парағын толтырғанда ойыншы амплуасы Чемпионат басталар алдында жалпы өтінім парағында көрсетілген амплуаға сәйкес келу тиіс.

3-бап. Чемпионаттың келесі турларында ойыншы амплуасын өзгерту қажет болған жағдайда өтінім парағында көрсетілген ойыншының амплуасын кері қайтару/қосымша өтінім беру қажет. Алайда Чемпионат барысында 1 (бір) реттен артық жүргізілмейді.

Амплуа бойынша ойыншылардың өтінімін кері қайтаруға/қосымша өтінім беруге Чемпионаттың II және III турларының алдында рұқсат етіледі.

4-бап. Ойыншы амплуасы өзгерген кезде алдыңғы амплуа бойынша статистикалық деректер нөлге айналады және Чемпионаттың аяқталу қорытындысы бойынша статистиканы қалыптастыру кезінде пайдаланылмайды.

5-бап. Барлық жас санаттар мен топтар хоккейшілеріне қосымша өтінім беруге Чемпионат туры басталғанға дейін кемінде 7 (жеті) күн бұрын рұқсат етіледі.

6-бап. ҚХФ белгілеген мерзімдерде ойыншыларға қосымша өтінім беруге I, II және III турлар алдында рұқсат етіледі, финалдық турлар алдында ойыншыларға қосымша өтінім беруге тыйым салынған.

7-бап. ҚХФ өтінім/қосымша өтінім беру кезінде Чемпионатқа қатысу үшін қажетті барлық өтінім құжаттарының түпнұсқаларының электрондық нұсқасын тексереді. Чемпионатқа қатысатын команданың өтінім құжаттарының электрондық түпнұсқалары болмаған жағдайда, ҚХФ мұндай команданы Чемпионатқа қатысуға жібермеу құқылы.

8-бап. ҚХФ бірыңғай ақпараттық жүйесіне (БАЖ) команданың Чемпионатқа қатысуға арналған өтінім парағына қоса Чемпионатқа қатысу үшін қажетті барлық құжаттардың сканерленген түпнұсқалары жүктеледі.

9-бап. Өтінім парағына келесі хоккейшілер енгізіле алады:

- ҚХФ БАЖ-ына қажетті деректері енгізілген [деректері ҚХФ БАЖ-ына өтінім/қосымша өтінім беру күніне дейін 7 (жеті) күн бұрын енгізілмеген хоккейші өтінімге енбейді];
- ойыншының спорт мектебі/клубы/бөлімшесі контингентіне есепке алынғанын растайтын бүйрықтың сканерленген түпнұсқасы.

10-бап. Команданың өтінім/қосымша өтінім парақтары келесі қамтуы тиіс:

- алфавиттік тәртіптегі хоккейшілер аты-жөндерінің тізімі;
- команданың бапкерлері мен әкімшілік персоналды туралы деректер.

Команданың өтінім/қосымша өтінім парақтары:

- әр хоккейші үшін жеке-жеке медициналық мекеме дәрігерінің қолы мен мөрімен (медициналық қызметті жүргізуге мемлекеттік лицензиясы бар);
- медициналық мекемемен (медициналық қызметті жүргізуге мемлекеттік лицензиясы бар);
- хоккей мектебінің/клубының басшысымен;
- облыстық/қалалық деңе шынықтыру және спорт басқармасының басшысымен;
- ҚХФ облыстық/қалалық филиалының басшысымен расталуы тиіс.

11-бап. Команда құрамына ҚХФ шешімі бойынша 1 (бір) жасқа кіші хоккейшілер келесі құжаттар негізінде кіре алды:

- хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі басшысының бұрыштамасы қойылған команда бапкерінің жазбаша етініші;
- ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің нотариус растаған келісімдері;
- жасы жоғарылар жарыстарына рұқсат беретін медициналық мекеме дәрігерінің қорытындысы.

12-бап. Команда құрамына ҚХФ шешімі бойынша бір-екі жасқа үлкен қыздар келесі құжаттарды ұсынған жағдайда кіруі мүмкін:

- хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі басшысының бұрыштамасы қойылған команда бапкерінің жазбаша етініші;
- ата-аналардың немесе басқа заңды өкілдердің нотариус растаған келісімдері.

13-бап. ҚХФ шешімі бойынша команда құрамына шетелдік азаматтығы бар және Қазақстан Республикасының аумағында тұратын хоккейшілер мынадай құжаттарды ұсынған кезде енгізуі мүмкін:

- тиісті түрде ресімделген ИИХФ халықаралық трансферртік картасы;
- Қазақстан Республикасының аумағында болуын (тұруын, оқуын) растайтын құжат.

14-бап. Командаға қатысты ҚХФ БАЖ-ға келесі сканерленген құжаттардың түпнұсқалары жүктелуі тиіс:

- хоккей мектебінің/клубының уәкілетті басшысының қолымен және мөрімен күеландырылған, команданың жарыстарға қатысуына байланысты шығыстарын қаржыландыру мүмкіндігін және Регламент талаптарының орындалуын растайтын кепілдік хат;
- төлем тапсырмасы немесе ҚХФ есеп шотына етінім жарнасын аудару туралы түбіртек;
- шайбалы хоккейден 2022-2023 жылдар маусымының Қазақстан Республикасы Чемпионатының маркетингі бойынша бекітілген регламентінің 15-бабының 4-қосымшасының талаптарына сәйкес топтық (командалық) фотосурет;
- хоккей мектебінің/клубының/бөлімшелерінің басшысын, жаттықтырушыларын, сондай-ақ хоккейшінің заңды өкілін хоккей ИИХФ ойын ережелерімен және Регламентпен таныстыру хаттамасы;
- контраст түстердегі команданың негізгі және қосалқы хоккей киімінің эскиздері және векторлық форматтағы электрондық нысандағы команданың түрлі-түсті логотипі;
- Регламенттің №3 қосымшасына сәйкес Чемпионат турын қабылдаушы спорт ғимаратының дайындық актісі;
- хоккей мектебі/клубы мен спортық ғимарат арасында жасалған шарт.

15-бап. Әрбір хоккейшіге қатысты ҚХФ БАЖ-ына келесі сканерленген құжаттардың түпнұсқалары жүктелуі тиіс:

- иесінің жеке басы туралы мәліметтері бар паспорт;
- хоккейшінің өмірі мен денсаулығын жазатайым оқиғалардан сақтандыру туралы шарт;
- 2022-2023 жылдардағы шайбалы хоккейден Қазақстан Республикасы Чемпионатының маркетинг бойынша бекітілген регламентінің 15-бабының 4-қосымшасының талаптарына сәйкес хоккейшінің жеке суреттері;
- жарыстар үшін белгіленген жас санатынан бір жылға жасырақ хоккейшіге етінім беруге қажет құжаттар;
- жарыс үшін белгіленген жас санатындағы қыздардың етінімі үшін қажетті құжаттар.

- шетелдік азаматтығы бар хоккейшілердің өтінімі үшін қажетті құжаттар.

16-бап. Команда жаттықтыруышына қатысты ҚХФ БАЖ-ына келесі сканерленген құжаттардың түпнұсқалары жүктелуі тиіс:

- кәсіби білімінің бар екенін растайтын құжаты (диплом/курстан өткені туралы сертификат және маманның біліктілігін растау);

- иесінің жеке басы туралы мәліметтері бар жеке қуәлік/паспорт.

17-бап. Хоккей мектептері/клубтары/білімшелері ҚХФ БАЖ-дың толтырылуын, оған міндетті деректердің, құжаттардың енгізілуін және олардың үдайы жаңарып отыруын қамтамасыз етеді. Осы балтың талаптары орындалмаған жағдайда хоккей мектебі/клубы осы балтың талаптарына қатаң сایкестікте ҚХФ БАЖ-ға қажетті деректер толық көлемде енгізілгенше өтінімге енбейді және Чемпионат матчтарына жіберілмейді.

18-бап. Құжаттар Регламентте белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда не қажетті құжаттар ұсынылмаған жағдайда, ҚХФ хоккей мектебіне/клубқа/білімшеге хоккейшілерге рұқсат беруден бас тартуға немесе хоккей мектебі/клубы/білімшесі түзетілген немесе жетіспейтін құжаттарды ұсынуы тиіс күнтізбелік 5 (бес) күннен аспайтын мерзімді белгілеуге құқылы.

19-бап. Өтініш құжаттамасын қолдан жасау фактілері расталған жағдайда, ҚХФ барлық материалдарды Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына жіберуге құқылы.

6-ТАРАУ

ҚАТЫСУШЫ КОМАНДАЛАРДЫҢ МІНДЕТТЕРИ

1-бап. Чемпионатқа қатысушы хоккей мектебі/клубы/білімшесі:

- жарыстар басталардан кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын ҚХФ-ға Чемпионатқа қатысатынын растауға;

- команда Чемпионат матчына келгенге дейін күнтізбелік 10 (он) күннен кешіктірмей Чемпионат матчтарын өткізуін хоккей мектебінің/клубының/білімшесінің басшылығын команданың келу күні мен уақыты, көлік түрі, ойыншылар мен персоналдың саны, тұрғылықты жері туралы жазбаша хабардар етуге;

- маусым бойы Чемпионатқа қатысатын командалардың атауын өзгертуеуге;

- өз командаларының Чемпионаттың барлық матчтарына келуін, олардың матч басталардан 60 минут бұрын қатысуын және команданың хоккей алаңына уақытылы шығуын қамтамасыз етуге;

- кез келген матчты өткізу кезінде команда құрамында өнер көрсетуге құқығы жоқ хоккейшілердің - мәлімделмеген, белгіленген тәртіппен ресімделмеген немесе біліктілігінен айырылған, сондай-ақ Чемпионат матчына қатысуга құқығы жоқ жаттықтыруышлардың немесе лауазымды адамдардың матчқа қатысуына жол бермеуге;

- команда ойыншыларын қорғаныс формасымен қамтамасыз етуге, шлемдерінде стандартты масканың болуын, сонымен қатар «ИИХФ-ның қағидалар кітабына» сәйкес мойын мен тамақтың қорғалуын қамтамасыз етуге;

- «ИИХФ-ның қағидалар кітабына» сәйкес команда ойыншыларының шлемдеріне бекітілген құлақ қорғанысымен қамтамасыз етуге міндетті.

Аталған қорғаныс болмаған жағдайда ойыншы/ойыншылар ойынға қатыстырылмайды.

2-бап. Чемпионаттың I турының әрбір матчы басталмас бұрын командалар капитандарының қол алысуымен, сондай-ақ команданың/клубтың/мектептің әмблемасы немесе логотипі бейнеленген вымпельдерді тапсырумен командаларды қарсы алуды өткізу.

3-бап. Командаларда латын тілінде ойыншылардың номірлері мен тегі бар екі хоккей жайдесі болуы керек.

4-бап. 12 жасқа дейінгі (2010-2011 ж.т.) жас санаты үшін ойыншы жайдесінің арқасында ойыншының тегінен жоғары «STOP» (әріптер: биіктігі 4см, ақ түсті) деген жазуы бар қызыл түсті жапсырма (өлшемі: 5см x 15см) болуы тиіс.

5-бап. Хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің және спорт ғимараттарының басшылығы:

- ата-аналардың матчтың барлық уақытында хоккейшілермен, төрешілермен, матчтардың ресми адамдарымен байланысын болдырмайтын шаралар қабылдауға;

- матч аяқталғанға дейін, кезінде және одан кейін ата-аналардың, хоккей мектебінің/клубының/бөлімшелерінің лауазымды тұлғалары мен мамандарының (басшылардың, хоккейшілердің, жаттықтырушылардың, қызмет көрсетуші персоналдың) матчты өткіzetтің төрешілер бригадасының іс-қымылына араласуына жол бермеуге;

- төрешілерге қатысты қорлауға, физикалық күш қолдануға және өзге де құқыққа қарсы әрекеттерге жол бермеуге;

- матчтың бас төрешісінің рұқсатынсыз бөгде адамдардың төрешілер бөлмесіне кіруіне жол бермеуге;

- хоккей мектебінің/клубының/бөлімшесінің ата-аналары, лауазымды адамдары мен мамандары (басшылар, хоккейшілер, жаттықтырушылар, қызмет көрсетуші персонал) тарапынан хоккей алаңындағы жанжалды жағдайларды, жанкүйерлердің агрессиялық мінезд-құлқын, спорт ғимаратындағы тәртіпсіздіктерді туыннататын іс-әрекеттерге жол бермеуге міндettі.

6-бап. Жаттықтырушыларға көмек көрсету мақсатында ойындарға шығатын хоккейшілердің ата-аналары, ата-аналар комитетінің өкілдері ойын кезінде қосалқы орындықта және мұз алаңында болуға құқығы жок.

7-ТАРАУ
ЧЕМПИОНАТ МАТЧТАРЫН ҚАБЫЛДАЙТАЫН ҰЙЫМДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРИ

1-бап. Чемпионат матчтарын қабылдайтын хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі матчтарды өткізу орындарын дайындау үшін жауап береді және:

- Регламенттің барлық шарттарын орындауға;

- тур басталғанға дейін 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын ҚХФ-қа Чемпионат матчтарының күнтізбесін ұсынуға;

- ИИХФ-ның хоккей ойнау ережелеріне сәйкес айқын көрінеттің ресми таңбасы бар сапалы музайдының, мұз жинайтын комбайндардың үздіксіз жұмысын, ақпараттық таблоның үздіксіз

жұмысын, бейне-гол жүйесінің жұмысын қоса алғанда, осы Регламенттің талаптарына сәйкес спорт ғимаратының тиісті дайындығы мен жұмысын қамтамасыз етуге;

- матчтарды онлайн бейнетрансляциялауды қамтамасыз етуге;
- барлық келген командаларға орналасу орны және тұру құны туралы хабарлауға;
- командалардың тұру орнына және кері бағытта, тұратын жерінен жарыс өтетін орынға дейін және кері бағытта келуін көлікпен қамтамасыз етуге ықпал етуге (ұсыным беру);
- әр команданың хоккейшілеріне арналған желдету жүйесімен, жеткілікті мәлшерде жайлы жиһаздармен (орындықтармен, үстелдермен, ілгіштермен, айналармен және т. б.), дәретхана бөлмесімен және Чемпионаттың барлық уақытында, соның ішінде командалардың келу және кету күнін қоса алғанда, сұық және ыстық сумен жабдықталған шешінетін бөлмелермен қамтамасыз етуге;
- осы Регламенттің 8-тарауына сәйкес алаңдан тыс төрешілер бригадасымен қамтамасыз етуге;
- ҚХФ-ға Чемпионаттың әр турының матчтарына қызмет көрсететін алаңдан тыс төрешілер бригадасының тізімін жіберуге;
- төрешілерге желдеткіш жүйесімен, жеткілікті мәлшерде жайлы жиһазбен (орындықтармен, үстелдермен, ілгіштермен, айналармен және т. б.), дәретхана бөлмесімен және сұық және ыстық сұы бар душымен, қабырға сағаттарымен және хоккей алаңының макетімен жабдықталған, ойын өткізуге қажетті секундомерлер, хаттамалар, ауыз су (аландағы төрешілер мен борттан тыс төрешілер бригадасы үшін бір ойынға 5 литр) және шай жиынтығы (шай, кофе, қант, снектер) болуға тиіс бөлме ұсынуға;
- жарыс басталғанға дейін ресімделген 3-қосымшаға сәйкес Чемпионат турының матчтарын өткізуге арналған спорт ғимаратының дайындығы туралы актіде жазылған талаптардың тиісінше орындалуын қамтамасыз етуге;
- Чемпионат матчтарының «ҚХФ медициналық регламентінде» жазылған талаптарға сәйкес медициналық сүйемелденуін, атап айтқанда матчтар өтетін кезде спорт ғимаратында бас дәрігердің, «Жедел жәрдем» дәрігерлері бригадасының және кардиостимуляцияға арналған жабдығы (дефибриллятор) жұмыс жасайтын (жұмысқа жарамды) көлігінің болуын қамтамасыз етуге;
- Чемпионат матчтарының қауіпсіздігін «ҚХФ жарыстарын өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық регламентінде» баяндалған талаптарға сәйкес қамтамасыз етуге;
- Чемпионат басталар алдында қатысуши командалардың төрешілері мен жаттықтырушыларының қатысуымен жиналыс өткізу;
- Қажетті кенсе техникасын: интернетке кіру нұктесі бар екі компьютер (ноутбук), матчтардың ресми хаттамаларын ҚХФ-ға жіберу үшін принтер және сканер ұсынуға;
- матч алдындағы жаттығулар өткізу үшін әр командаға қажетті шайба санын (20 (жиырма) данадан кем емес) ұсынуға;
- шайбалы хоккейден 2022-2023 жылдар маусымының Қазақстан Республикасы Чемпионатының маркетингі бойынша бекітілген Регламенттің 15-бабының 4-қосымшасының талаптарына сәйкес Чемпионат турының матчтарын өздерінің интернет-ресурстарында және/немесе әлеуметтік желілерінде фото және бейне контентті орналастырып жариялауды қамтамасыз етуге;
- ойындар аяқталғаннан кейін бір тәуліктен кешіктірмей 2022-2023 жылдардағы маусымының шайбалы хоккейден Қазақстан Республикасы Чемпионатының маркетингі бойынша бекітілген регламенттің 15-бабының 4-қосымшасының талаптарына сәйкес Чемпионаттың сапалы фото және бейне материалдарын ҚХФ-ға ұсынуға;
- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес міндettі түрде командалар құра отырып, Мемлекеттік Гимнің шырқалуын және спорт ғимаратында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тұының болуын қамтамасыз етуге, Чемпионаттың I турының матчтары

басталар алдында әр жас санатында Чемпионаттың салтанатты ашылу рәсімін өткізуді қамтамасыз етуге;

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес міндettі түрде командалар құра отырып, Мемлекеттік Гимннің шырқалуын және спорт ғимаратында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туының болуын қамтамасыз етуге, Чемпионаттың қорытынды турының қорытындысы бойынша әр жас санатында салтанатты жабылу және марапаттау рәсімін өткізуді қамтамасыз етуге міндettі.

8-ТАРАУ ТӨРЕШІЛІК

1-бап. Чемпионат ИИХФ-ның хоккей ойнау қағидалары, барлық толықтырулары мен өзгерістері ескерілген қолданыстағы қағидалар бойынша өткізіледі.

2-бап. Чемпионат ойндарының ұйымдастырылуы мен өткізуін бақылау Қазақстан Республикасының шайбалы хоккейден мемлекеттік жаттықтырушысының, сондай-ақ Қазақстан Республикасының шайбалы хоккейден штаттық ұлттық құрама командалары басшысының қатысуымен жүзеге асырылады.

3-бап. Чемпионат матчтарын ұйымдастыруды және төрешілікті турдың инспекторы, бас төрешісі және бас хатшысы, аландағы ұш төреші (бас төреші және екі желілік төреші) және тоғыз [9] адамнан тұратын төрешілер бригадасы жүзеге асырады:

- | | |
|---------------------------------|-----------|
| – төреші-хатшы | – 1 адам; |
| – уақыт төрешісі | – 1 адам; |
| – ақпарат беруші төреші | – 1 адам; |
| – айып алған ойыншылар төрешісі | – 2 адам; |
| – видео-гол төрешісі | – 1 адам; |
| – тіркеуші төреші | – 1 адам; |
| – оператор төреші | – 1 адам; |
| – дәрігер | – 1 адам. |

4-бап. Турдың инспекторын, бас төрешісі мен аландағы төрешілер бригадасын ҚХФ тағайындаиды. Аланнан тыс төрешілер бригадасын тағайындауды өткізуі ұйым ҚХФ-мен келісе отырып жүзеге асырады.

5-бап. Төрешілікті ҚХФ аттестаттаған және бекіткен, ИИХФ-ның Хоккей ойнау қағидаларының барлық талаптарын сақтайды, ҚХФ шешімдері мен осы Регламенттің талаптарын орындаудың төрешілер жүзеге асырады.

6-бап. Турдың Инспекторы мен Бас төрешісі:

- Чемпионат басталар алдында қатысушы командалардың төрешілері мен жаттықтырушыларының қатысуымен жиналыс өткізуге;
- Чемпионат басталар алдында ҚХФ және хоккей мектептерінің/клубтарының/бөлімшелерінің басшыларына ойндардың күнтізбесін электрондық түрде (бекітілген сыйбаға сәйкес) ұсынуға;

- жаттықтырушылардың немесе команда өкілдерінің өтініші бойынша команда ойыншыларына өтінім деректерін тексеруге;
- ойын хаттамасын толтырудың дұрыстығы мен нақтылығын тексеруге;
- Чемпионат матчтарын өткізу орындарының дайындығын (жарықтандыру, радиофикация, муз дайындау, медициналық қызмет көрсету және т. б.) бақылауды жүзеге асыруға;
- жарысқа қатысушыларға көліктік қызмет көрсетілуін бақылауды жүзеге асыруға;
- ҚХФ-ға Чемпионат туры аяқталғаннан кейін 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Чемпионат турын өткізу туралы толық есепті (қысқаша есеп, ойындар күнтізбесі, турнирлік кесте, ойындар хаттамалары, қаржылық есеп, бас төрешінің есебі, тур инспекторының есебі) ұсынуға міндettі.

7-бап. Хоккейшілер мен команда өкілдері тәртіптік бұзушылықтар жасағаннан кейін оларды жазалауды айқындау тәртібін осы Регламенттің №1 қосымшасынан қараңыз.

9-ТАРАУ НАРАЗЫЛЫҚ БІЛДІРУ ТӘРТІБІ

1-бап. Чемпионат матчына қатысқан командалардың бірінің басшылығы бір уақытта:

- Осы Регламент немесе ИИХФ-ның хоккей ойнау қағидаларының талаптары бұзылуына байланысты өткен матч нәтижесін жоюға;
- матчты қайта ойнауды тағайындауға немесе командалардың біріне техникалық женіліс есептеуге негіз болғанда ғана наразылық беруге құқылышы.

2-бап. Команда басшылығы нәтижесіне наразылық білдіруге бел бұған Чемпионат туры матчы аяқталғаннан кейін бір сағattan кешіктірмей матчтың ресми хаттамасында бас бапкер наразылық білдірудегі басты негіздемені қысқаша көрсете отырып, матч нәтижесіне наразылық білдіруге ниетті екені жөнінде жазба жасауы тиіс. Матчтың ресми хаттамасында командалардың бірінің матч нәтижесіне наразалық білдіруге ниеті бар екенін матчтың бас төрешесі дереке ҚХФ-ға хабарлауы тиіс.

3-бап. Наразылықты команда басшылығы матч аяқталғаннан кейін бір жұмыс күнінен кешіктірмей жазбаша нысанда беруге тиіс.

4-бап. Наразылық қанағаттандырылмаған жағдайда, команданың бас бапкері немесе ресми тұлға наразылықтың қаралуы үшін 10 (он) АЕК мөлшерінде ақы төлеуге міндettі. Наразылық төлемі келесі матч басталғанға дейін жасалуы керек, егер төленбеген болса, команда матчқа жіберілмейді.

5-бап. Келесі себептер бойынша наразылықтар қабылданбайды:

- Чемпионат туры матчындағы төрөшліктің сапасына наразылықтар.
- наразылықтың уақытылы рәсімделмеуі.

10-ТАРАУ ЕРЕЖЕБҰЗШЫЛЫҚТАР ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК

1-бап. Қоғамдық тәртіпті өрекел бұзғаны және спорт ғимаратындағы тәртіпсіз мінез-құлқы үшін ҚХФ шешімімен бір ойынға шеттетілуі мүмкін және ойындарға одан әрі қатысады ҚХФ қарайтын болады.

2-бап. Ата-аналар Чемпионат туры матчының өту барысына араласқан, жәнсіз мінез көрсеткен жағдайда, ресми матч хаттамасы мен бас төрешінің баянатында көрсетілгендей, ҚХФ ата-анасы аталмыш әрекетке барған команданы Чемпионат турынан алып тастауға құқылы.

3-бап. Жаттықтыруышының, команданың ресми өкілінің төрешілермен, қарсылас командасымен матч кезінде мұз алаңында және мұз алаңынан тыс қақтығысқа қатысуы матчтың ресми хаттамасында және ҚХФ бас төрешісінің баянатында көрсетілуі тиіс, командаға техникалық женілісті 0:5 есебімен есептеуге құқылы. Бас бапкерге 20 [жырма] АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

4-бап. Матч кезінде, матч аяқталғаннан кейін, сондай-ақ, матчтан кейінгі қол алысу кезінде жаппай төбелес болған жағдайда, ҚХФ тарапынан 5[бес] матчқа қатысудан шеттетілетін қақтығыстың бастамашысы(лары) анықталады. Бас бапкерге 30 [отыз] АЕК мөлшерінде айыппұл салынады.

5-бап. Матчқа дәлелсіз себептермен келмеген командаға 0:5 есебімен женіліс, қарсыласқа 5:0 есебімен женіс есептеледі [бұл гол соғылған және жіберіп алған шайбалардың айырмашылығын есептеу кезінде ескерілмейді]. Аталған жағдайларды ҚХФ команданы Чемпионат турына қатысудан шеттетуге дейін шешім қабылдай отырып қарайды.

6-бап. Егер команда матч аяқталғанға дейін алаңдан кетсе, онда оған 0:5 есебімен техникалық женіліс есептеледі, хоккей мектебіне/клубқа 100 [жүз] АЕК мөлшерінде айыппұл салынады және Чемпионаттың осы турындағы барлық үпайларды жою.

7-бап. Матчқа белгіленген тартіппен рәсімдемеген немесе дисквалификацияланған ойыншының қатысқаны үшін командаға 0:5 есебімен женіліс есептеледі, бұл үпай да салынған және жіберіп алған шайбалардың айырмашылығына кірмейді.

8-бап. Хоккейшілерді қуәландыру рәсімі матч соында, матчқа қатысатын команданың бірінің жаттықтыруышының бастамасы бойынша өткізіледі. Рәсімге ойнайтын командалардың жаттықтыруышылары (ресми өкілдері), бас төреші және матч хаттамасының төрешісі қатысады, онда жоғарыда көрсетілген хоккейшінің жеке сәйкестендіру нөміріне [ЖСН] және оның командасының өтініміне сәйкес жеке басын салыстырып тексеру жүргізіледі.

9-бап. Өтінім құжаттамасын қолдан жасау фактілері расталған жағдайда, анықталған хоккейші мен команданың бас жаттықтыруышы Чемпионатқа қатысудан шеттетіледі, ал команданың нәтижелері жойылады және 0:5 есебімен техникалық женіліс есептеледі.

10-бап. Осы Регламенттің №1 қосымшасында сипатталған тәртіптік бұзушылықтар жасағаннан кейін ойыншылар мен команда өкілдерінің жазаларын анықтау тәртібі.

11-ТАРАУ **ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ АНЫҚТАУ**

1-бап. Әрбір жарыс матчының нәтижелері бойынша жеңген командаға::

- матчтың негізгі уақытындағы женіс үшін – 3 үпай;
- овертаймдағы немесе матчтан кейінгі соққылар сериясындағы женіс үшін – 2 үпай беріледі.

Жеңілген командаға:

- овертайм немесе матчтан кейінгі соққылар сериясының нәтижелері бойынша жеңілсе - 1 үпай;
- негізгі уақытта жеңілсе - 0 үпай.

2-бап. Салынған және өткізілген шайбалардың айырмашылығы бір команданың пайдасына 10-нан асқан жағдайда әрбір келесі қақпа алу мен ойыншы статистикасы матч хаттамасына жазылмайды және таблода көрсетілмейді.

3-бап. Чемпионатты қорытындылағанда барлық турларға қатыспаған командалар турнир кестесіндегі орын бөлінісінен үмітті болады.

4-бап. Екі және одан да көп команданың үпай саны тең түскен жағдайда:

- барлық турларда ең көп үпай жинаған;
- осы командалар арасындағы барлық матчтарда ең көп жеңіске жеткен;
- осы командалар арасындағы барлық матчтарда ең көп үпай жинаған;
- осы командалар арасындағы барлық матчтарда салынған және өткізілген шайбалардың ең жақсы айырмашылығына ие;
- барлық матчтарда салынған және өткізіл алған шайбалардың ең жақсы айырмашылығына ие;
- барлық матчтарда ең көп жеңіске жеткен;
- ең көп шайба салған команда басымдыққа ие болады.

12-ТАРАУ

ЧЕМПИОНАТТЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ ЖӘНЕ ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ

1-бап. Әрбір жас санатында барлық турлардың қорытындысы бойынша:

- 2022-2023 жылғы маусымдағы «МЫҚТЫЛАР» тобының жасөспірім командалары арасындағы Қазақстан Республикасы Чемпионатының чемпионы мен жүлдегерлері анықталады.

2-бап. Барлық турлардың қорытындысы бойынша әр жас санатында бірінші орын алған Команда Чемпионат чемпионы болады, естелік кубокпен және дипломмен марапатталады, хоккейшілер мен жаттықтырушылар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 25 (жиырма бес) дана медалімен марапатталады.

3-бап. Әр жас санатындағы Чемпионаттың барлық турларының қорытындысы бойынша үздік ойыншылар (қақпашы, қорғаушы, бомбардир, сүрмерген) арнайы жүлделермен және ҚХФ дипломдарымен марапатталады.

4-бап. Чемпионаттың барлық турларының қорытындысы бойынша әр жас санатында екінші және үшінші орын алған командалар естелік кубоктермен және дипломдармен марапатталады, хоккейшілер мен жаттықтырушылар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің 25 (жиырма бес) дана медалімен марапатталады.

5-бап. Чемпионаттың барлық турларының қорытындысы бойынша жас санаттарында соңғы және соңғының алдындағы орынды алған командалар «A» тобының «Федерация кубогі»

республикалық турнирінің жас санаттарында бірінші және екінші орын алған командалар арасында өтпелі матчтар ойнайды.

Өткен өтпелі матчтардың қорытындысы бойынша бірінші және екінші орын алған командалар келесі маусымның Чемпионатына, ал үшінші және төртінші орын алған командалар келесі маусымның «Федерация кубогі» республикалық турниріне қатысатын болады.

6-бап. Чемпионаттың барлық турларын аяқтау қорытындысы бойынша өз жас санатында жеңімпаз атанған команда өз жас санатындағы шайбалы хоккейден халықаралық жарыстарда Қазақстан Республикасының құрама командасы ретінде қатысуға құқылы болады.

Егер жеңіске жеткен команда негізді себептермен осы жарыстарға қатыса алмаса, онда қатысу құқығы Чемпионат қорытындысы бойынша екінші орын алған командаға өтеді.

Халықаралық жарыстарға қатысушы команданы анықтау бойынша соңғы шешімді ҚХФ қабылдайды.

13-ТАРАУ ҚАРЖЫЛЫҚ ШЫҒЫСТАР

1-бап. Командалардың іссапарымен байланысты барлық шығындарды (екі жаққа жол жүру, төуліктік жол жүру, тамақтану, тұру, Чемпионат матчтары кезіндегі командаларға арналған ауызсу) іссапарға жіберуші үйімдар көтереді.

2-бап. 90 [тоқсан] АЕК мөлшеріндегі өтінім [кіру] жарнасын турды өткізу басталғанға дейін күнтізбелік 30 күннен кешіктірмей, ҚХФ есепшотына аудару арқылы төлеу қажет.

3-бап. Чемпионат түрін қабылдайтын хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі өтінім [кіру] жарнасын төлеуден босатылады, алайда келесідей:

- спорт ғимаратын қамтамасыз ету (жалға алууды қоса алғанда), командалар үшін мұзайдын мен киім шешетін орындарды ұсыну;

- Чемпионат матчтарының «ҚХФ медициналық регламентінде» жазылған талаптарға сәйкес медициналық сүйемелденуін, атап айтқанда матчтар өтетін кезде спорт ғимаратында бас дәрігердің, «Жедел жәрдем» дәрігерлері бригадасының және кардиостимуляцияға арналған жабдығы (дефибриллятор) жұмыс жасайтын (жұмысқа жарамды) көлігінің болуын қамтамасыз ету қызметтерін төлеу;

- Чемпионат матчтарының қауіпсіздігін «ҚХФ жарыстарын өткізу кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз етудің техникалық регламентінде» баяндалған талаптарға сәйкес қамтамасыз ету;

- төрешілерді ауызсумен (аландағы төрешілер мен борт сыртындағы төрешілер бригадасы үшін бір ойынға 5 литр) және шай жиынтығымен (шай, кофе, қант, снектер) қамтамасыз ету;

- Чемпионаттың ашылу, жабылу және Чемпиондары мен жүлдегерлерін марапаттау салтанаттарын өткізу бойынша шығындарды көтереді.

4-бап. ҚХФ тарапынан тур командаларының кіру жарналары есебінен келесі шығыс түрлері төленеді:

- мұз алаңындағы және мұз алаңының бортынан тыс төрешілер бригадасының қызметтеріне ақы төлеу (барлық салықтар мен міндетті төлемдерді қоса алғанда);

- командалардың тұратын орнына дейін, тұратын жерінен жарыстар өтетін орынға дейін және көрі қарай көлікпен жүрін қамтамасыз ету.

13-тараудың 4-бабында көрсөтілген шығыстар турға арналған өтінім [кіру] жарналарының жалпы сомасынан аспауы тиіс. Жоғарыда көрсөтілген шығыстар асып кеткен жағдайда, Чемпионат турын қабылдайтын хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі өз есебінен өтеуге міндепті.

5-бап. Әрбір жас санаты бойынша Чемпиондары мен жүлдегерлерінің кубоктерін, дипломдары мен медальдарын сатып алу бойынша шығыстар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК есебінен жүзеге асырылады.

6-бап. Әрбір жас санаты бойынша, амплуа (қақпашы, бомбардир, сұрмерген, қорғаушы) бойынша Чемпионаттың барлық турларының қорытындылары бойынша үздік ойыншылардың дипломдары мен жүлделерін сатып алу бойынша шығыстар ҚХФ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

7-бап. Шайбалы хоккейден Қазақстан Республикасының мемлекеттік жаттықтырушысын, сондай-ақ шайбалы хоккейден Қазақстан Республикасының Штаттық үлттық құрама командаларының басшысын Чемпионат ойндарын өткізу барысы мен бақылауды жүзеге асыру үшін іссапарға жіберу жөніндегі шығыстар Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Спорт және дene шынықтыру істері комитетінің «Спортты дамыту дирекциясы» РМҚК қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

8-бап. Шайбалы хоккейден халықаралық жарыстарда өз жас санатында жеңімпаз болған командаларды Қазақстан Республикасының құрама командасы ретінде іссапарға жіберу бойынша шығыстар облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың дene шынықтыру және спорт басқармаларының, сондай-ақ клубтар/командалар/БЖСМ қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

№1 ҚОСЫМША
2022-2023 жылғы маусымдағы
хоккейшілер мен команда өкілдерінің
тәртіп бұзушылықтары үшін жаза белгілеу
ТӘРТІБІ

ИИХФ-ның хоккей ойнау қағидаларына сәйкес, осы Тәртіппен КХФ тарапынан хоккейшілерге және хоккей мектебі/клубы/бөлімшесі өкілдеріне қосымша жаза қолдануға негіз ретінде қарастырылатын Чемпионат матчтарындағы инциденттердің келесідей тізімі белгіленеді:

P/б №	Айыппұл түрі	Міндетті дисквалификация (матчтар саны)
1. Матч соына дейінгі тәртіптік айыппұл келесідей хоккейшіге салынады:		
1.1	Мачт соына дейін тәртіптік айыппұл салынған	1
1.2	Бір матчтың ішінде екінші тәртіптік айыппұл салынған	1
1.3	Тәртіптік айыппұл алғаннан кейін бас төрешенің шешімін даулаған	1
1.4	Несілдік алалаушылықта қатысты сез сөйлейтін	5
1.5	Мұзайдынға бөтен заттар лақтыратын	1
1.6	Таяқты немесе басқа затты хоккей алаңынан тыс лақтыратын	2
1.7	Бұған дейін тәртіптік айыппұл алуына себеп болған қылышын кез келген қалыпта жалғастыратын	2
1.8	Бас төрешенің өз міндеттерін орындау туралы ескертуінен кейін тәбелесті немесе жанжалды жалғастырады немесе жалғастыруға тырысады	3
1.9	Ойын алаңынан тыс тәбелеске қатысады	6
1.10	Басталып кеткен жанжалға бірінші болып кіреді	2
1.11	Жанжал кезінде қосалқы ойыншылар немесе айып алғандар отырғышынан бірінші болып кetedі	2
1.12	Жанжал кезінде қосалқы ойыншылар немесе айып алғандар отырғышынан кетіп, шағын, үлкен және тәртіптік айыппұл алады	2
1.13	Хоккей алаңында және одан тыс балағат сездер айтады	2
2. Матч соына дейінгі тәртіптік айыппұл келесідей команда өкіліне салынады:		
2.1	Тәртіпсіздігі үшін айып алған	Міндетті ақшалай өтемекі 20 АЕК
2.2	Мұзайдынға бөтен заттар лақтыратын	Міндетті ақшалай 20 АЕК

		өтемақы	
2.3	Мұзайдынға кез келген кезең барысында бас төрешінің рүқсатының шығатын	Міндепті ақшалай өтемақы	30 АЕК
2.4	Нәсілдік алалаушылыққа қатысты сөз сейлейтін	Міндепті ақшалай өтемақы	30 АЕК

3. Айып матты келесідей хоккейшіге немесе команда өкіліне салынады:

3.1	Кез келген жанжал барысында басқа хоккейшіге таяқ сермеген	1
3.2	Мұзда немесе одан тыс, немесе алаңын бір жерінде матчқа дейін, барысында немесе кейін тұрып, төрешілерге немесе басқа адамдарға қатысты намысқа тиетін қылықтар жасаған	3
3.3	Қарсыласта баспен қасақана ұрады немесе ұруға тырысады	2
3.4	Төбелесті бастайды немесе басталған жанжалды жалғастырады	2
3.5	Ойын алаңынан тыс төбелеске қатысады	6
3.6	Бас төреші әрекетін тоқтату жөнінде ескерту жасағаннан кейін төбелесті немесе жанжалды жалғастырады немесе жалғастыруға күш салады	2
3.7	Қарсыласты аяқпен ұрады немесе ұруға тырысады	2
3.8	Қарсыластың жарақатына немесе қарсыластың жарақат алуына әкелуі мүмкін ағидалармен рүқсат етілмеген әрекеттерді орындаиды	5
3.9	<ul style="list-style-type: none"> • арқадан шабуылдау; • жаралайтын соққы немесе таяқтың ұшымен ұру; • бас немесе мойын тұсына шабуылдау нәтижесінде жарақаттайтын нәтижесінде қағидалармен рүқсат етілмеген әрекеттер жасайды	3
3.10	Қарсыласты: <ul style="list-style-type: none"> • арқадан шабуылдау; • жаралайтын соққы немесе таяқтың ұшымен ұру; • бас немесе мойын тұсына шабуылдау нәтижесінде жарақаттайтын 	5
3.11	Айрықша дәрекілік	6
3.12	Қарсыласқа, басқа команданың ресми өкіліне немесе матчқаша қызмет ететін төрешілерге түкіреді (хоккейші)	4

3.13	Матчқа қызмет ететін төрешілерге қасақана қолмен немесе таяқпен тиіседі, қолмен жұлқылайды немесе қолмен, таяқпен немесе денесімен итереді немесе желлік төрешіге өз міндетртерін орындауға кедергі келтіреді	3
3.14	Көрерменге физикалық әсер етеді (хоккейші)	3
3.15	Өз әрекетімен матчтың өтуіне кедергі келтіреді немесе зиянын тигізеді, матчқа қызмет ететін кез келген ресми тұлғаны қорлайды	4
3.16	Төрешіні қолмен жұлқылайды немесе үрады, төрешіге түкіреді, матчтың өтуіне кедергі келтіретіндей әрекет етеді немесе зиянын тигізеді (команданың ресми өкілі)	6
3.17	Қасақана ұстап алады немесе қолмен, таяқпен немесе денемен итереді, аяқтан шалады, күштік амал қолданады, таяқпен итереді, таяқпен үрады, арқадан шабуылдайды немесе матчқа қызмет ететін төрешілерге (хоккейші) қатысты ұқсас әрекеттерді жасайды	6
3.18	Команданың ресми өкілін немесе матчқа қызмет ететін кез-келген төрешіні (хоккейші) жарақаттауы немесе жарақаттауы мүмкін «айрықша дерекілік» үшін жазаланады	8
3.19	Кез келген төрешіге шайба немесе кез келген басқа затты қасақана лақтырады	2
3.20	Төбелесті бастайды немесе жаппай төбелеске әкеп соққан, басталған жанжалды жалғастырады	7 дейін
3.21	Ойын алаңынан шығып кетеді	2-еуден 4-еуге дейін

№2 ҚОСЫМША

Чемпионаттың алдыңғы туралының ойын қорытындысы бойынша алынған орындарға сай өрбір турда алдында матчтар күнтізбесін жасау үшін командаларды бөлу

6 команда

1 1-5 2-6 4-3	2 1-4 2-5 6-3	3 6-1 5-4 3-2
4 5-6 2-4 3-1		5 4-6 3-5 1-2

8 команда

1 1-8 2-7 3-6 4-5	2 4-8 5-3 6-2 7 - 1	3 3-8 4-2 5-1 6 - 7	4 8-7 1-6 2-5 3-4

5 8-6 7-5 1-4 2-3	6 2-8 3-1 4-7 5-6	7 8-5 6-4 7-3 1-2

10 команда

1 6-5 7-4 8-3 9-2 10-1	2 10-5 1-9 2-8 3-7 4-6	3 9-10 8-1 7-2 6-3 5-4	4 10-4 9-8 1-7 2-6 3-5	5 8-10 7-9 6-1 5-2 4-3
6 10-3 8-7 9-6 1-5 2-4	7 7-10 6-8 5-9 4-1 3-2	8 10-2 7-6 8-5 9-4 1-3		9 6-10 5-7 4-8 3-9 2-1

№3 ҚОСЫМША
СПОРТ ҒИМАРАТЫНЫҢ ЧЕМПИОНАТ ТУРЫН ӘТКІЗУГЕ
ДАЙЫНДЫҚ АКТІСІ

ЖАРЫСТАРДЫ ҚАБЫЛДАУШЫ ҰЙЫМ:
СПОРТ ҒИМАРАТЫ:

КУНІ:

Осы Актімен Чемпионат регламентінің талаптарына сәйкес көрсетілген хоккей жарысын әткізуге спорт ғимаратының дайындығын раставымыз.

Қолда бар материалдық-техникалық база, жабдық, инвентарь хоккей матчтарын әткізу үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

Жоғарыда көрсетілген матчтарды әткізу мынадай қызметтөрмен келісілді: жол полициясы, медициналық қызмет, өткізу күзеті, құқық қорғау органдары.

Матчтарға қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қоғамдық тәртіпті сақтау үшін құқық қорғау органдары мен қауіпсіздік қызметінің қажетті күштері тартылды.

Спорт ғимаратының дирекциясы қызметкерлермен және матчтарды әткізууді қамтамасыз ететін тартылған ұйымдармен лауазымдық міндеттері және қауіпсіздік техникасын сақтау бойынша алдын ала нұсқама әткізді.

Спорт ғимаратының өкімшілігі мен жауапты тұлғалары аренада кіреберістерді, фойені, ложелерді, аренаны, қоғамдық тамақтану орындарын, шатыр жайларын тексеруді жүзеге асырды. Қарал-тексеру барысында анықталғаны:

- Спорт ғимараттары сыртқы және ішкі өртке қарсы сүмен қамтамасыз етілген.
- Өткізу күзеттері қызметкерлермен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларына сәйкес келеді.
- Полиция қызметкерлері бригадасының спорт ғимараты аумағында кезекшілігі үйімдастырылған.
- Эвакуациялау жолының жиектері тиісті жағдайда, матчтарды әткізу кезінде қауіпсіздік қызметі бақылайды және эвакуациялау жоспарына сәйкес төтенше жағдай туындаған кезде адамдарды қауіпсіз, жылдам эвакуациялауды қамтамасыз етеді.
- Стадионның пайдаланылмаған жайлары матчтарды әткізу кезінде жабық болады және күзетіледі.
- Нысанды ішкі және сыртқы қорғау қамтамасыз етілген. Қауіпсіздік қызметінің, құқық қорғау органдарының қызметкерлері спорт ғимаратын, бас кіреберісті, аренаны, фойені, ложелерді, қоғамдық тамақтану орындарын, шатыр жайларын, спорт ғимараты аумағын, сондай-ақ тұраққа қойылған автомашиналарды тексеру барысында қолдан жасалған жарылғышқа үқсас заттарды, өрт қаупі бар және улы заттар таппады.
- Білікті дәрігерлер бригадасының және белгіленген стандарттар бойынша жабдықталған «Жедел жәрдем» автокөліктерінің кезекшілігі үйімдастырылды.
- Қажетті қызмет көрсету персоналының болуы, іс-шараға қатысушылардың және төрешілер бригадасының дайындығы, көрермендер мен қатысушыларды қабылдауға дайындығы, қызметкерлер мен қоғамдық тамақтану орындарының көрермендерге қызмет көрсетуге дайындығы қамтамасыз етілген.
- Сүмен жабдықтау, көріз және желдету дайындығы, спорттық жабдықтар мен инвентарьдың жарыс ережелеріне сәйкестігі, энергетикалық жүйелер мен жарықтандыру дайындығы, байланыс,

Құлақтандыру, табло, радиохабар тарату құралдарының, төтенше жағдайлар кезіндегі мәтіндердің және микрофонда жұмыс істеуге рұқсат етілген адамдардың дайындығы қамтамасыз етілген.

ҚЫЗМЕТ	Т.А.Ә.	ҚОЛЫ
Спорт ғимаратының қауіпсіздік қызметі		
«Жедел медициналық жәрдем» дәрігерлер бригадасы		
Мемлекеттік өртке қарсы қызмет		

ХОККЕЙ КЛУБЫНЫҢ
(МЕКТЕБІНІҢ) БАСШЫСЫ:
М.О. _____ (Т.А.Ә.)

СПОРТ ҒИМАРАТЫНЫҢ
БАСШЫСЫ:
М.О. _____ (Т.А.Ә.)